

ӘОЖ 8.1751

## **ХИКАЯ ТІЛІН СУБТИТР АРҚЫЛЫ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Иманбекова Гүлайым Нұрланқызы**

[imanbekovagulaiym@gmail.com](mailto:imanbekovagulaiym@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс магистранты, Нұр-сұлтанҒылыми жетекшісі -  
Ж.М.Қоңыратбаева

Киноның қоғамдық өмірде адам баласының адамгершілік, эстетикалық және мәдени жағынан қалыптасуында үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Қазіргі уақытта фильмдер, бейнежазба мен аудиожазбалар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, сол себепті әлемдік және отандық аударма саласында кино тілін аудару өзекті мәселелердің бірі саналады. Кинофильмдерді аударудың ең көп таралған екі түрі бар: дубляж және субтитр арқылы аудару. Субтитр деп «кинофильм кадрының төменгі жағындағы жазба, әдетте, шетел тіліндегі диалогтың немесе мәтіннің көрермендерге түсінікті тілге қысқаша аудармасы» түсініледі [1]. Субтитр – актерлердің сөзі ғана емес, сонымен бірге экранда болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат беретін аударма түрі. Онда, мысалы, ойналып жатқан әуеннің, музыкалық сүйемелдеуді кім орындайтынын, экранда көрсетілген түрлі газет-журналдардағы мақалалардың атауларын және т.б. көрсетуге болады. Бұл жайт субтитрлік аудармада түрлі техникалық және прагматикалық мәселелердің туындауына алып келеді. Бұл мақалада фильмдерді субтитрлік тәсілімен кино тілін аудару барысында кездесетін негізгі мәселелер қарастырылады.

Мақаланың мақсаты – қазақ тіліне аударылған «Шерлок» телехикаясына талдау жүргізу арқылы субтитрлік аудармада кездесетін негізгі проблемалар мен олардың алдын алу жолдарын анықтау, яғни мақалада кинофильмді субтитрлік тәсілмен аудару барысындағы кездесетін негізгі жайттар қарастырылады.

Мақала материалы ретінде британдық «Шерлок» телехикаясының «Қазақстан» телеаранасындағы аударма нұсқасы алынды.

Субтитрлік тәсілмен аудару кезінде аудармашы белгілі бір техникалық шектеулерді және субтитрлердің сапасына қойылатын жалпы талаптарды ескеру керек:

Субтитр әрқашан экранның төменгі жағында, ортасында немесе кейбір жағдайларда сол жағында орналасады;

Субтитрлік тәсілде аударма мәтіні екі жолдан артық болмауы тиіс. Екі жолдан тұратын субтитрлер бірдей және оқуға оңай көлемде болуы керек;

Бір жолдағы таңбалар саны орта есеппен 40-тан аспауы керек. Қарапайым көрермен кейіпкерлердің сөз жылдамдығына қарағанда баяу оқиды;

Субтитрлік аударма синхронды болу керек, яғни аударма мәтіні кейіпкер сөйлеуімен сәйкес келуі тиіс;

Фильмді субтитр арқылы аудару кезінде аудармашы прагматикалық маңызы бар барлық ақпаратты жеткізуге міндетті [1].

Қойылатын талаптарына байланысты Патрик Сабалбааскоа субтитр аудармасын шектеулі коммуникация жағдайындағы шектеулі аударма деп атайды. Субтитрлік аудару процесінде туындайтын барлық қиындықтар аударма жағдайына және аударма материалына байланысты аудармашыға қойылған шектеулерден туындайды [2].

Хикая тілін субтитрлік аударуда кездесетін негізгі қиындықтарды «Sherlock» телехикаясындағы графикалық элементтер мысалында қарастыруға болады. BBC телеарнасының «Шерлок» хикаясының оқиға желісі XIX ғасырдан XXI ғасырға көшірілген сэр Артур Конан Дойлдың ізкесуші Шерлок Холмс пен Джон Ватсон туралы шығармаларына негізделген. Телехикаяның сюжетімен қатар негізгі ерекшелігі – британдық әзіл, интернет және телефон сияқты әртүрлі заманауи технологиялар мен графикалық элементтерді кеңінен қолдану. Бұл элементтер оқиға желісімен тығыз байланысты және көрерменге хикаяда не болып жатқанын, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты, олардың эмоцияларын түсінуге көмектеседі.

Графиканы телехикаяда қолданудың төрт негізгі түрі бар:

Хикая эпизодтарының атауларын, оқиға орын алып жатқан уақыт межесі мен орнын т.б. көрсету;

Дедукция, яғни кейіпкерге бақылау жүргізу арқылы оған сипаттама беру;

Оқиға желісінің дамуын түсіндіретін басты кейіпкердің "ақыл-ой сарайлары" деп аталатын ойлау үдерісінің элементтері;

Коммуникация құралдары, мысалы, блог, SMS, компьютер мен ғаламтордағы ақпарат және т. б.

«Шерлок» телехикаясында оқиға уақытын, орнын және тағы басқа маңызды детальдарді көрсететін графикалық мәтіндер көп кездеседі. Мысалы, «The Hounds of Baskerville» («Баскервиль иті») эпизодын талдауға алсақ:

Түпнұсқа тілі	Аударма тілі
Cross Keys. Boutique rooms. Vegetarian Cuisine [3]	«Кросс Киз» қонақ үйі. Жайлы бөлмелер. Вегетриандық тамақ.
Keep Out...Unless you want a cold [3]	Кіруге рұқсат жоқ!
Potential level 5 security breach [3]	Қауіпсіздіктің бесінші деңгейі

Көрсетілген үш мысал аудармасы жоғарыда келтірілген субтитрлік аударманың техникалық талаптарына толықтай сәйкес келетінін байқаймыз.

Бірінші мысалда «Cross Keys» қонақ үй атауы лексикалық трансформацияның бір түрі транскрипция тәсілін қолдану арқылы аударылған. Ағылшын тілді көрермендерге «Cross Keys» қонақ үй атауы екенін белгілі болса, қазақ тілді көрерменге бұл атау ешқандай ақпарат бермейді. Сол себепті аударма нұсқасында қосу әдісімен берілген «қонақ үй» тіркесін байқауға болады

Екінші мысалда Keep out тіркесінің «Cambridge Dictionary» сөздігінде мағынасы: «to not go in a place, or to stop someone or something from going into a place» [4]. Қазақ тіліндегі аударма нұсқасы дұрыс берілген, бірақ сөйлемнің екінші бөлігі аударылмай қалдырылған. Сөйлемнің екінші бөлігі «Unless you want a cold»[3] «егер суықтап қалғыңыз келмесе» деген мағынада қолданылып, зертханалық бөлменің салқын екенін ескертіп тұр.

Үшінші мысалда *Security breach* тіркесіне Collins Dictionary сөздігінде «*an act that violates a country, area, or building's security measures*»[5] деген анықтама берілген. Демек, бұл хабарламада қауіпсіздіктің бұзылуы жайлы ескерту жасалған. Бірақ қазақ тілі нұсқасында *Security breach* тіркесі тек қауіпсіздік сөзімен беріліп, түпнұсқа мағынасына сәйкес келмей тұрғандықтан қазақ тілінде қауіпсіздіктің бұзылуы тіркесімен беруді ұсынамыз.

«The Hounds of Baskerville» («Баскервиль иті») эпизодында аудармасы берілмеген келесі графикалық мәтіндерді көреміз: «*Access Granted; Security authorization requested; Holme; Mycroft. Priority ultra processing; Refer holmes, Mycroft*» [3]. Бұл эпизодтың оқиға желісі құпия әскери базада орын алып жатқандықтан, көрсетілген ескерту және компьютерлік хабарламалар прагматикалық маңызы бар ақпарат болып саналады. Бірақ графикалық мәтіндердің экранда аз уақыт аралығында көрсетілуі субтитрлік аударма барысында қиындықтар тудырады.

«Шерлок» телехикаясының басты кейіпкері Шерлок Холмстың ерекшелігі дедукция амалын қолдануы екені белгілі. Дедукция тәсілінің графикалық көрінісі арқылы хикая кейіпкерлері жайлы әлеуметтік жағдайы, жұмыс істейтін орны, отбасылық жағдайы сияқты қосымша ақпараттар алуға болады. Мысалы, «A Scandal in Belgravia» («Белгравидегі дау») эпизодында Гарри есімді кейіпкерге сипаттама беру үшін қолданған дедукция тәсілін байқаймыз: «*Dog lover; Horse rider; Public school; Early riser; Left side of bed; Father; Non smoker; Half welsh; Keen reader; Tea drinker*» [3]. Көрсетілген қосымшалар кейіпкердің орта мектепте білім алғаны, баласы бар екені, шайды жақсы көретіні жайлы анықтама береді. Бірақ хикаяның осы бөлігі қазақ тіліне аударылмаған, себебі көрсетілген ақпараттың барлығын субтитрлік аударма талаптарына сәйкес бір немесе екі жолды мәтінмен аудару біршама қиын болар еді. Дегенмен көрсетілгендей қосымша ақпараттар оқиға желісінде маңызды орын алатындықтан, олардың міндетті түрде аудармасын беру керек деп ойлаймыз.

«Шерлок» телехикаясының қазақ тілді нұсқасында аудармасы берілмеген маңызды графикалық мәтіндердің бірі – Джон Ватсонның жеке блогы. Ватсонның блогындағы жеке жазбалары хикая оқиғасын толық түсінуге және басты кейіпкерлердің істері жайлы қосымша ақпарат алуға көмектеседі. «A Scandal in Belgravia» («Белгравидегі дау») атты эпизодта келесі жазбаны көруге болады:

*«The Personal Blog of Dr. John H. Watson May 30Life goes on*

*Time to write up a few notes. I'm going to tell you about a couple of the smaller cases we've been involved in. What really happened on the Tilly Briggs pleasure cruise. Then there was that really odd case about the melting laptop and the time Sherlock...» [3].*

Берілген үзіндіде Шерлок Холмстың хикаяда көрсетілмеген істері жайлы ақпарат берілген. Бұл блог жазбаларын басты оқиға желісінің ішіндегі қысқаша оқиға ретінде қарастыруға болады. Және де хикаяда жеке блогтағы «Geek Interpreter» («Алжасқан аудармашылар»), «The Speckled Blonde» («Шашы боялған бикеш») деген бірнеше жазбадан үзінді көрсетілген. Осы жазбалардың атауы сэр Артур Конан Дойлдың Шерлок Холмс «The Greek Interpreter», «The Speckled band» атты оқиғаларына сілтеме болып табылады.

«The Sign Of Three» («Үшеудің белгісі») эпизодында Джон Ватсонның блогында «The Bloody Guardsman» («Қанға бөккен гвардияшы»), «The Mayfly Man» жазбаларын көреміз. Эпизод желісі толығымен аталған жазбаларға негізделген, бірақ соған қарамастан қазақша нұсқасында олардың аударылмағандығын байқадық. Жоғарыда көрсетілген ақпараттарды ескере келе Ватсон блогында сюжеттің одан әрі дамуында маңызды орын алатын істер туралы жазатыны белгілі. Бірақ аудармашы Джон Ватсонның блогын субтитрлік тәсілмен аударуда кездесетін негізгі қиындық – жазбалар мәтінінің көлемі. Көлемді мәтіннің аудармасын экранның төменгі жағында, ортасында немесе сол жағында көрсету хикаяның визуалды жинақылығына әсер етеді.

Хикая аудармасы күрделі мәселелердің бірі, себебі ол аударманың басқа түрлерін, мысалы, журналистік мәтіндерді аударуды қамтуы мүмкін. «Шерлок» телехикаясындағы көп кездесетін осындай мәтіндердің бір түрі – газет-журналдардағы мақала тақырыптары. Талдау үшін «The Signs Of Three», «The Reichenbach Fall» эпизодтарында кездесетін мақалалар алынды. Мақала тақырыптары негізінде екі түрде кездеседі: бас тақырып және айдар [6]. Мақала тақырыбының бірінші түріне келесі мысалдарды келтіруге болады: «*Who stole our 2 mill?*» [3]. - «*Екі миллионды ұрлаған кім?*», «*Waters band walk free – again!*» [3]. - «*Қарақшы Уотерстер бұл жолы да құтылып кетті!*»

«The Reichenbach Fall» эпизодында кездесетін мақала тақырыпшалары:

Түпнұсқа тілі	Аударма тілі
«Hero of Reichenbach. Turner masterpiece recovered by 'amateur'. Scotland Yard embarrassed by overlooked clues» [3]	«Рейхенбах батыры»
«Top Banker Kidnapped» [3]	«Аға банкир ұрланды»
«Reichenbach Hero finds kidnap victim» [3]	«Рейхенбах батыры ұрланғанадамды тапты»
«Ricoletti evades capture» [3]	«Қолға түспейтін Риколетти»
«Boffin Sherlock solves another» [3]	«Атақты Шерлок тағы бірқылмысты ашты»

Продюсерлердің телехикаяға газет-журналдарды қосудың басты мақсаты – мақала атаулары арқылы қосымша оқиға желісін қысқаша түрде көрсету, сондықтан мысалда берілген мақала тақырыптарын оқи отырып, оларды біріктіретін ортақ сюжет бар екенін байқауға болады.

Сонымен қатар бұл мысалдар аудармашы үшін қиындық тудыратын ағылшын тіліндегі баспасөз стиль ерекшеліктерін айқын көрсетеді: экспрессивтілік, ауызекі сөйлеу стилі. Хикая аудармашылары берілген мақала айдарларын қазақ тілінің бұқаралық ақпарат құралдарының ерекшеліктерін ескере отырып орынды аударма нұсқаларын ұсынған.

Келесі мысалды толығырақ қарастырайық: «*Hero of Reichenbach. Turner masterpiece recovered by 'amateur'. Scotland Yard embarrassed by overlooked clues*»[3] - «*Рейхенбах батыры*». Көрсетілген мақалада тек бас тақырып аударылып, мақала айдары аударылмаған. Бірақ бұл мысалда айдарды аударудан бас тарту визуалды жинақылығын сақтау ниетімен түсіндірілуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Газет аз уақыт аралығында көрсетіледі, яғни аударма фразасының шектеулі көлеміне байланысты мақала айдарын аударуда қиындықтар туындайды.

Және соңғы мысалда *Boffin* сөзіне сөздікте «*a scientist who is considered to know a lot about science and not to be interested in other things*»[5] деген анықтама берілген. Қазақ тілі аудармасындағы *атақты* нұсқасы түпнұсқа сөзінің толық мағынасын көрсетпей тұр. *Boffin* сөзінің мағынасы қазақ тілінде «*Өз ісінің маманы*» деген тіркеспен толық ашылады.

Қазіргі ағылшын тіліндегі хикаялардың бір ерекшелігі - олардың қарапайым азаматтың күнделікті өміріне жақындығы. Сондықтан кадрда ұялы телефон экраны, SMS хабарламалар жиі көрсетіледі. SMS хабарламаларды аударудағы қиындықтар кең таралған сөз тіркестерінің қысқарған нұсқалары, синтаксистік құрылымның сақталмауында көрінеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде мәтіндік хабар алмасуда нақты қысқартулар жоқ, сондықтан аударма кезінде SMS хабарлама көлемі бірнеше есе артуы мүмкін.

Түпнұсқа тілі	Аударма тілі
Feeling better? [3]	Жағдайыңыз жақсы ма?
I'm fine since you didn't ask [3]	Мен жақсымын

Бірінші мысалда «*Feeling better?*» - «*Are you feeling better?*» сөйлемінің ауызекі сөйлеу стилінде қолданатын қысқартылған нұсқасы. Қазақша нұсқасындағы «*Жағдайыңыз жақсы ма?*» аудармасы бұл жағдайда толық сәйкес келмейді, себебі түпнұсқада жағдай белгілі бір оқиғадан кейін орын алып тұрғаннан кейін «*жақсы болдың ба*» деген мағынада қолданылып тұр.

Екінші мысалға келетін болсақ, сөйлемнің тек бірінші бөлігінің аудармасы берілген. Бұл сөйлем ағылшын тілді ортада көп қолданылады, бірақ қазақ тілді аудиторияға толықтай түсінікті болуы үшін қосу әдісін қолдану арқылы аударылуы қажет. «...*Since you didn't ask*» тіркесінің қазақ тілінде аудармасын «*Сіз сұрамасаңыз да жауап берейін*» деп беруге болады. Көрсетілген сөйлемнің келесі аударма нұсқасын ұсынамыз: «*Сіз сұрамасаңыз да жауап берейін, менде бәрі жақсы*».

«Шерлок» телехикаясын субтитрлік тәсілмен аударуда аудармашыларға қиындық тудырған бөліктердің бірі - «*A Scandal in Belgravia*» («Белгравидегі дау») эпизод соңында Шерлок Холмстың ұялы телефонына үздіксіз келген 17 SMS хабарлама. Аудармашылар тек соңғы «*Goodbye Mr. Holmes*»[3] – «*Холмс мырза, қош болыңыз*» хабарламаның аудармасын берген. Бірнеше хабарлама қатар келіп, мәтіндері көлемді болғаннан кейін аудармашыларға барлық хабарламалардың аудармасын бірге беру қиындық тудырады.

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдарды талдау барысында «Шерлок» хикаясын субтитрлік тәсілмен аудару барысында туындайтын негізгі қиындықтар анықталды:

Көлемді графикалық мәтіндердің аудармасының телехикаяның визуалды жинақылығына әсер етуі;

Түпнұсқа мәтіннің аударма нұсқасы субтитрлік аударма талаптарына сайкелмеуі;

Графикалық мәтіндердің шектеулі уақыт аралығында көрсетілуі.

Хикая тілін субтитрлік аударуда кездесетін негізгі қиындықтардың алдын алу мақсатында келесі аударма тәсілдерін қолдануға ұсынамыз. Біріншіден, графикалық элементтерді палимпсест аударма тәсілімен аударуға болады. Палимпсест аударма – компьютерлік ойындарды, киноны және бағдарламалық қамтамасыз етуді локализациялау кезінде аудиовизуалды мәтіндегі графикалық мәтіндерді (жазулар, титрлар) аудару.

Аударманың осы түрін орындау кезінде нәтиже мәтіні оның локализацияланған баламасымен ауыстырылады.

Аударма-палимпсест түпнұсқа мәтіннің барлық графикалық ерекшеліктерін сақтай отырып, аударма мәтінімен ауыстырудан тұрады. Көрсетілген аударма тәсілі кинофильм мен хикаяның графикалық элементтерін беру түрі ретінде жақында пайда болды және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуының нәтижесі болып табылады. Палимпсест аударма хикаядағы ұзақ графикалық элементтерді, мысалы, Джон Ватсонның блогы, бірнеше көлемді SMS хабарламаларды аударудағы қиындықтардың алдын алуға көмектеседі. Аударманың бұл түрі субтитрлік тәсілмен аудару барысында хикаяның визуалды жинақылығын сақтап қалып, көрерменге қосымша ақпаратты жіберіп алмауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, аудармада транскреация әдісін қолдануға болады. Транскреация дәстүрлі түрде «маркетингтік, коммерциялық немесе жарнамалық өнімді аударма тілі арқылы шығармашылық бейімдеу» деп түсінеді. Бұл әдіс аударма барысында түпнұсқа мәтінге түбегейлі өзгерістер жасауға мүмкіндік береді. Транскреация әдісінің негізгі мақсаты - аударма тілінің қолданылуына сәйкес келетін және мақсатты аудиторияның өкілдеріне түсінікті мәтін құру. Бірақ нәтижесінде алынған мәтін аударма ретінде қарастырылды [7]. Транскреация әдісін шет тілді мақала тақырыптарын аударуда, қысқартулар көп кездесетін SMS хабарламаларды аударуда, нұсқаулық, ескерту хабарламаларды немесе шектеулі уақыт аралығында көрсетілетін мәтіндерді аударуда қолданады. Осы әдіс арқылы субтитрлік аударма талаптарын сақтау барысында кездесетін қиындықтардың алдын алуға болады.

Қазіргі заманғы хикая тілінің аудармасы – күрделі проблеманың бірі. Себебі хикая аудармасы публицистика тілі, компьютер мен ғаламтор тілі, ауызекі сөйлеу стилі сияқты көптеген аударма түрлерін қамтиды. Субтитрлік аудармада тек кейіпкерлердің сөзі емес, басқа да көптеген қосымша ақпараттар берілуі керек. Сонымен қатар, бұл аудармаға қойылатын техникалық талаптар көп болғандықтан, субтитрлік аударма тәсілі барысында көптеген қиындықтар туады. «Шерлок» телехикаясын қазақ тіліне аудару барысында хикаяның маңызды бөлігі болып табылатын графикалық элементтер біршама қиындықтар тудырады. Ең негізгі қиындықтар графикалық мәтін көлеміне, графикалық мәтіндердің шектеулі уақыт аралығында көрсетілуіне, аударма барысында субтитр талаптарын сақтап қалу мәселесіне байланысты туындайды. Көрсетілген хикаяны субтитрлік тәсілмен аударудағы қиындықтардың алдын алу жолы ретінде палимпсест аударма, транскреция әдістерін қарастыруға болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Горшкова, В. Е. Техника перевода в кино: дублирование / В. Е. Горшкова // Вестн. Иркут. гос. лингв. ун-та. Вопросы теории и практики перевода. Серия Лингвистика». 2005. № 7.
2. Zabalbeascoa, P. Translation in constrained communication and entertainment. *In New Insights into Audiovisual Translation and Media Accessibility. Media for All 2*. Amsterdam 2.02.20 New York, NY, 2010. pp. 25-40.
3. BBC ONE TV show Sherlock URL: <https://www.bbc.co.uk/programmes/b018ttws> [27.11.2021]
4. Cambridge Dictionary URL: <https://dictionary.cambridge.org/> [17.11.2021]
5. Collins Dictionary URL: <https://www.collinsdictionary.com/> [24.11.2021]
6. Тertychnyy, A. Заголовок – слово главное...//Журналист 1/2004. М: «Журналист», 2004. 80-82 б.
7. Di Giovanni, E. Translations, Transcreations and Transrepresentations of India in the Italian Media. *In Meta: Translators' Journal*. 53 (1). 2008. pp. 26-43.